**Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы N 12 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 ақпанда N 2190 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 12 қарашадағы N 270 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 12.11.2013 N 270 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31-бабының 2-тармағына, «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Қазақстан Республикасы 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға келісті қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен мөлшерлері айқындалсын.

2. Қоса берілген Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидасы бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің орынбасары С.Ә. Сабралинға жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Р. Елубаев*

*«КЕЛІСІЛДІ»*

*Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаменті Аққайың ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы С. Сахатов*

*2013 ж. 21 қаңтар*

Аққайың ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 12 қаулысына Қосымша

**Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен мөлшерлері**

1. Аққайың ауданы әкімінің Алғыс хаты.
2. 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.
3. Бағасы 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құнды сыйлық.

Аққайың ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 12 қаулысымен бекітілді

**Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидасы**

Осы Қағида қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу тәртібін айқындайды.

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.
2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға «Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаменті Аққайың ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – СҚО ІІД Аққайың ауданының ІІБ) енгізеді.
3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.
4. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.
5. Ақшалай сыйақыны төлеу және құнды сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша СҚО ІІД Аққайың ауданының ІІБ бастығының бұйрығы шығарылады.
6. СҚО ІІД Аққайың ауданының ІІБ ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.
7. Көтермелеулерді төлеуге қаражат облыстық бюджетте, Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаменті 252 003 «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу» бюджеттік бағдарламасымен көзделеді.
8. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Аққайың ауданы әкімінің Алғыс хатын, ақшалай сыйақы, бағалы сыйлықтар беруді СҚО ІІД Аққайың ауданының ІІБ салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК